

«Қостанай таңы» №109 (18318) 29.09.2015ж.

Заң академиясындағы жүздесу

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясындағы жоғоры оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру институтында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған кездесу болып өтті. Кездесуге облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілші-журналистері Гүлназым Сағитова, Айбек Жүзбай қатысты. Кездесу барысында жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру институтының бастығы полиция майоры Гүлмира Құжабаева, магистратура бастығы Әлібек Табулденов қысқаша мемлекетімізде, оқу орнында ана тілімізге қатысты атқарылып жатқан жұмыстар туралы қысқаша айтып кетті.



Кездесу барысында газет тілшілері бүгінгі таңда еліміздің тәуелсіздік алған жылдардан бері ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, тұғыры биікке көтеріліп, қолданылу аясы күннен күнге артып отырғанын, ана тіліміздің дем сағатта, лезде мемлекеттік мәртебеге ие болмағанын, тар жол, тайғақ кешкенін жеткізді. Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы – мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударуымыз керек деп бекерден бекер айтылмаған-ды. Сондықтан да қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту, әлеуметтік - коммуникативтік міндеттерін кеңейту саясаты мемлекетімізде қабылданған тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасының басым мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Газет өкілдері «Қостанай таңы» газетінің тарихы, басылымда жарық көрген материалдар туралы, тираж саны ұлғайып, он бір мыңға жеткендігін, оқырмандарымыздың, әртүрлі сала мамандарының, жергілікті ғалымдарымыздың еліміздің мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, мемлекетіміздің әлеуметтік экономикасы, тіл саясаты туралы тағылымды, мазмұнды материалдар жарық көретіндігін, сол секілді облыстық газеттің жастарға арналған «Жастар kz», жиырма төрт беттік танымдық-тағылымдық «Қостанай ақшамы» сынды қосымшалары, сонымен қатар елімізде, облысымызда тілдердің дамуына, қолданылуына қатысты нормативтік құқықтық негіздердің нығайтылып отырғанын, мемлекеттік тіл саясатының тірегі – тіл туралы заң, қаулы-қарарлар, бекітілген бағдарлама бар екенін айтты.

Магистранттар тарапынан ана тілімізге, өңірдегі көше атаулары неліктен әлі «Солнечная, Заводская» деп аталатындығына қатысты сұрақтарын қойды.